ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 4 қазан Іс №1513-23-00-2/1644 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы М.А.Балтабай отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «STROYCORP» Диана Муратбековна Сыздыкова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.А.Сражова
жауапкердің өкілі С.Е.Сыздыков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 23 мамырда «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «STROYCORP» Диана Муратбековна Сыздыкова (өнім беруші) арасында «бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде қызмет көрсетуге мемлекеттік сатып алу туралы № 38 келісімшарты жасалған.

Шарттың №1-қосымшасына және техникалық ерекшелікке сәйкес, Өнім беруші жалпы сомасы 282 760 теңгеге қызметтерді шарт қол қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күні ішінде орындауға міндеттелген.

Техникалық ерекшелікке сәйкес, сертификаттауға, жабдықтаушының активтеріне және қызметкерлеріне қойылатын талаптар (растайтынқұжаттар қоса беріледі) болуы қажет:-осы қызметті жүзеге асыру құқығымен сараптамалық жұмыстар және инжинирингтік қызметтер бойынша сарапшы мәртебесі бар сарапшы аттестаты: -ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау түрі бойынша -бірінші, екінші жауапкершілік деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі объектілердегі ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін және орнықтылығын техникалық зерттеп-қарау бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыруға аккредиттеу туралы куәлік.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы жауапкермен 2023 жылғы 1 маусымда енгізілген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме орындалмаған.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге бірнеше мәрте хатымен акредиттеу құжаттарын табыстау жөнінде ескерту хабарламалары мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолданған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін орындамағаны үшін жауапкер жеке кәсіпкер «STROYCORP» Диана Муратбековна Сыздыкованы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір түсіп, онда шарттық міндеттемелерді акредиттеу куәлігі бар қосалқы мердігерді тарту арқылы орындап жүргенін және дәлелдеме ретінде өзге шарттар мен орындау актілерін қоса ұсынған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, шарт бойынша жауапкер қосалқы мердігерді жұмысқа тарта алмайтындығы жөнінде ескеріліп, оған шартты біржақты бұзу жөнінде хабарламасының жолданғанын айтып, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюға келтірген қарсы пікіріндегі уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 10.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 20.11.2023
1513-23-3-1/1837

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 12-бабының 4-тармағы 3-тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 43-бабының 23-1-тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау не қызметтерді көрсету үшін қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілуі мүмкін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында орындалатын жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер көлемінің екіден бірінен аспауға тиіс.

Шарттың 8.7. тармағында көзделгендей, Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді.

Сот, жауапкердің аккредиттеу куәлігі бар қосалқы мердігерді жұмысқа тарту арқылы міндеттемелерді орындау мүмкін деген уәжін назарға алмайды және негізсіз деп санайды. Себебі, аккредиттеу құжаттарын табыстау жөнінде талап тікелей Өнім берушіге техникалық ерекшелікке сәйкес қойылған және шартта ол жөнінде талаптары көзделген.

Тараптар арасындағы шарт 2023 жылғы 3 шілдеде біржақты бұзылған.

Талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі бұзылмаған.

Бұл ретте, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 725 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 10.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 20.11.2023
1513-23-3-1/1837

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің І.Есенберлин атындағы №15 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «STROYCORP» Диана Муратбековна Сыздыкова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «STROYCORP» Диана Муратбековна Сыздыковадан жергілікті бюджетке 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 10.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.11.2023, судья Кустанов Р. Б., 20.11.2023